

**"I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3770. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 15) тармақшасына және 7-бабы 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.Б.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткенінен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногова жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2005 жылғы 5 шілдедегі  
N 325 бұйрығымен бекітілген

# **"I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ереже) қоршаған ортаға қауіп төндіретін аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың алдын алу арнайы шараларын жүргізуді регламенттейді және патогенді биологиялық агенттерді (бұдан әрі - ПБА) сақтауға, есепке алуға, тапсыруға және тасымалдауға қойылатын бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Олармен жұмыс істейтін адамдар, сондай-ақ айналасындағы адамдар мен жануарлар үшін жұқтыру тәуекелінің деңгейіне қарай қоздырғыштармен жұмыс істеу режимінің, сақтау мен беру тәртібінің дәрежесін анықтау, санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында I-IV патогенді топтар микроорганизмдері мен олардың уыттары осы санитарлық ережеге 1- қосымшаға сәйкес топтарға бөлінеді.

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы санитарлық ереже Қазақстан Республикасының аумағында I-IV патогенді топ қоздырғыштарымен жұмыс істейтін заңды тұлғалар орындау үшін міндетті.

4. Мыналарға жататын қоздырғыштардың тірі өсінділерімен:

1) I патогенді топ қоздырғыштарымен жұмыс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "М.Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында және обаға қарсы күрес мекемелерінде жүргізілуі тиіс;

2) II патогенді топ қоздырғыштарымен мемлекеттік мекемелердің зертханаларында жүргізілуге тиіс;

3) III-IV патогенді топ қоздырғыштарымен - меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2692 тіркелген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 63 бұйрығымен бекітілген "Микробиология, вирусология және паразитология зертханаларының орналасуына және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға (бұдан әрі - СанЕмН) сәйкес Орталық режимдік комиссияның рұқсаты бар ұйымдардың зертханаларында жүргізіледі.

5. I-IV патогенді топ қоздырғыштарымен жұмыс істеуші ұйымдарға микроорганизмдер коллекциясының келесі:

- 1) республикалық коллекциясы;
  - 2) республикалық депозитарийлері;
  - 3) тірі өсімділер мұражайы (бұдан әрі - ТӨМ);
  - 4) институттардың, орталықтардың ғылыми коллекциялары;
  - 5) институттардың, орталықтардың, биоккомбинаттардың өндірістік коллекциялары;
- б) диагностикалық зертханалардың коллекциялары жатады.

6. Республикалық коллекция зерттелетін ПБА жолдамасын, бір орталықта есепке алуды, депонирлеу мен патенттеуді ұйымдастырушылық әрі ғылыми-ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс.

7. Республикалық депозитарийлер иммунобиологиялық препараттар мен қоректік орталарды, өндірістік штамдарды, депонирленген және патенттелген штамдарды, референттік штамдарды, авторлық коллекцияларды, генетикалық өзгерген микроорганизмдерді, біріздендіру үшін алынған ПБА-ны стандарттау мен бақылау үшін Қазақстан мен шетелдердің шегінде әр түрлі объектілерден оқшауланған ПБА-ны сақтауды жүзеге асыруға тиіс.

8. Министрліктің (ведомствоның) бұйрығымен ұйым басшысы өтінішінің негізінде, орталық режимдік комиссияның және республикалық коллекцияның (жолдама бойынша) келісуімен, ұйымның құрылымдық бөлімшелері ретінде, тағайындауға байланысты I-IV патогенді топ қоздырғыштарымен жұмыс істеуге рұқсаты бар институттарда (ғылыми орталықтарда) және обаға қарсы күрес станцияларында ТӨМ құрылуға тиіс.

9. ТӨМ-нің ұйымдастыру-штаттық құрылымын ТӨМ орындайтын жұмыстың міндеттері мен көлеміне сәйкес ұйымның басшысы анықтайды.

10. ТӨМ-ге ұйымдастыру-әдістемелік басшылық етуді және бақылауды " Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 850 қаулысына сәйкес зерттелетін жолдама бойынша республикалық коллекциялар жүзеге асырады.

11. ТӨМ-де мыналар сақталуға тиіс:

- 1) қоректік орталарды бақылау үшін тест-штамдар;
- 2) ПБА-ның үлгілік штамдарының жинағы, соның ішінде жұмыс коллекциялары (авторлық), олардың тізбесі мен оларды пайдалану аспектісін Республикалық коллекция (зерттелетін жолдама бойынша) айқындайды және жыл сайын (ағымдағы жылдың 10 қаңтарына дейін) Орталық режимдік комиссия қорытындысының негізінде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері бекітеді;
- 3) Диагностикалық орталықтар мен зертханалардың ағымдағы жұмысында

бөлінетін, алғашқы біріздендіруге және СанЕМН белгіленген тәртіппен тиісті Республикалық коллекцияларға жіберуге жататын ПБА. Қалған субтірі өсінділер жоюға жатады.

12. Ғылыми коллекциялар институттардың (орталықтардың) базасында ұйымның функционалдық қызметіне сәйкес, ұйым басшысының бұйрығымен құрылуға тиіс. Ұйымның басшысы коллекциялық ПБА-мен жұмыс істеудің дұрыстығы үшін жауаптыны тағайындауға тиіс.

13. Ғылыми коллекцияларда:

1) ұйымдардың жекелеген бөлімшелерінің, зертханалардың, авторлардың ПБА штамдарының жұмыс коллекциялары;

2) референттік штамдар;

3) тест-штамдар сақталуға тиіс.

14. Ғылыми коллекцияларда, институттарда (орталықтарда) сақтауға рұқсат етілетін ПБА тізімі жыл сайын (ағымдағы жылдың 10 қаңтарына дейін) республикалық коллекциямен (зерттелетін жолдама бойынша) келісіледі және оған Орталық режимдік комиссия қорытындысының негізінде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерімен бекітіледі.

15. Өндірістік коллекциялар өндірістік орталықтардың (өндірістік-ғылыми), биокомбинаттардың базасында құрылады.

16. Өндірістік коллекцияларда:

1) өндірістік штамдар;

2) бақылаудағы штамдар сақталады.

17. Дайын өнімді бақылауды жүзеге асыратын бөлімшелерде өнімді бақылау үшін қажетті микроорганизмдердің үлгілік штамдарының шектелген коллекциясы болуға тиіс. Үлгілік бақылаудағы штамдардың жинағы айқындалатын параметрлерге байланысты өзгереді.

18. Диагностикалық зертханалардың коллекциялары диагностикалық зертханалардың базасында құрылады.

19. Диагностикалық зертханаларда:

1) қоректік орталарды бақылауға арналған;

2) алғашқы біріздендіру және диагностикалық зертханалардың жоғары тұрған коллекциялары мен тірі өсінділер мұражайларына жіберуге арналған оқшауланған ПБА штамдарының жинағы сақталуға тиіс.

20. Зертхананың меңгерушісі диагностикалық зертханалар коллекцияларын сақтау үшін жауапты болуға тиіс.

21. Диагностикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын, сондай-ақ вакциналық және өндірістік штамдар коллекциялық ретінде есепке алынуға тиіс.

22. I-IV топтың өндірістік, эталонды ПБА штамдарын мекеме басшысының рұқсаты бойынша тек республикалық коллекцияларда, тест-штамдарды - республикалық коллекциялар мен ТӨМ-де алады.

23. Республикалық коллекциялар мен ТӨМ-де алынған тірі өсінділер басқа мекемелерге берілмейді. Штамдар ғылыми зерттеулер аяқталғаннан кейін жойылады немесе СанЕмН-ге сәйкес сақталады.

24. ПБА қозғалысын, СанЕмН талаптарының орындалуын өндірістік бақылауды жылына кемінде бір рет, қажетіне қарай - эпидемиологиялық айғақтар бойынша (осы санитарлық ережеге 2 -қосымшаға сәйкес) ұйымның режимдік комиссиясы жүзеге асыруға тиіс.

## **2. ПБА-ны есепке алуға қойылатын талаптар**

25. ПБА қозғалысы мен сақтауды бақылау СанЕмН-ге сәйкес жүзеге асырылады.

26. Диагностикалық зертханалар барлық I-IV топ ПБА-сының бөлінуі туралы жоғары тұрған органдарға хабарлауға тиіс және 3 күннің ішінде оларды СанЕмН-де белгіленген тәртіппен тиісті зертханалар мен ТӨМ-ге жібереді, олар кейіннен бекітілген нысандағы паспорттарды ресімдей және індетке қарсы режимді сақтай отырып, оларды тиісті бейінді республикалық коллекцияларға жібереді.

27. I-IV топ ПБА-сымен эксперименттік жұмыс жүргізуші бөлімшелерде СанЕмН 9 , 11 - 19 қосымшаларда және осы санитарлық ережеге 3 , 4 - қосымшаларда келтірілген нысандар бойынша есеп жүргізілуге тиіс.

28. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың барысында алынған және ғылыми қызығушылық тудырушы ПБА варианттары осы санитарлық ережеге 5 - қосымшаға сәйкес есепке алынуға, ғылыми коллекцияларда сақталуға тиіс. Коллекциялық штамдарға берілген белгілер (нөмір, код) СанЕмН 112 -тармағына сәйкес жүргізілуге тиіс. Осындай принциппен бактериялық уыттар мен жануарлар уларын есепке алу жүргізілуге тиіс.

29. Зерттеуші үшін қызығушылық тудырушы штамдар күзетуге жататын ( патенттеу объектісі) немесе авторлық (депонирлеу объектісі) ретінде республикалық коллекцияларда (депозитарийлерде) сақталады. Оларға мүкәммал журналы (осы санитарлық ережеге 5-қосымша) бойынша код шифрі мен реттік нөмірі берілуге тиіс.

30. Мұражайда сақталған микроорганизмдер туралы ақпарат үшін биохимиялық, серологиялық және басқа да штамдар қасиеттерінің сипаттамасы бар паспорт (осы санитарлық ережеге 6 -қосымша) толтырылуға тиіс.

31. I-IV топ ПБА-сын есепке алу жөніндегі барлық журналдар СанЕмН 114 және 115 -тармақтарына сәйкес ресімделуге және оларды толтыру үшін жауапты адамда сақталуға тиіс. Штамдарды жою актімен құжатталады.

32. Диагностикалық зертханаларда ПБА-ны бір орталықтан есепке алу мынадай сызба бойынша жүзеге асырылады: зертхананың (зертханалардың) меңгерушісі ұйымның басшысына кейіннен жоғары тұрған органға жиынтық есеп жасай отырып, осы санитарлық ережеге 7, 8 -қосымшаларда көрсетілген нысандар бойынша ПБА-ның болуы және қозғалысы туралы тоқсан сайын (тоқсан аяғының 25 күніне дейін) мәліметтер береді.

33. Республикалық коллекцияларда (депозитарийлерде), ТӨМ-де, ғылыми және өндірістік орталықтарда жылдық есеп жасала отырып, ПБА-ны тоқсан сайын нысандар бойынша (санитарлық ережеге 7, 8-қосымшалар) бір орталықтан есепке алу мына сызба бойынша (әрбір айдың 5 күніне дейін) жүзеге асырылуға т и і с :

1) тоқсан сайын (әрбір жаңа тоқсанның 1 күніне дейін) коллекцияны сақтау үшін жауапты адам (жұмысшы, зертхана мен бөлім коллекциясы) коллекция немесе ТӨМ меңгерушісіне және институттың (орталықтың) режимдік комиссиясына осы санитарлық ережеге 8, 9-қосымшаларда көрсетілген нысандар бойынша ПБА-ның болуы туралы мәліметтер беруге тиіс;

2) коллекция (ТӨМ) меңгерушісі (жауапты) ұйымның басшысына институт (орталық) коллекциясы туралы жиынтық есеп пен мәліметтер береді;

3) диагностикалық зертханалардың коллекциялары жоғары тұрған органға есеп береді, ол жиынтық есеп жасайды және оны тиісті бейіндегі республикалық к о л л е к ц и я ғ а б е р е д і ;

4) республикалық депозитарийлер, ТӨМ, өндірістік және ғылыми коллекциялар тиісті бейіндегі республикалық коллекцияға есеп беруге тиіс;

5) республикалық коллекциялар министрліктің (ведомствоның) тиісті бейініне және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігеріне жиынтық есеп беруге тиіс.

### **3. ПБА-ны сақтау, беру және тасымалдау**

34. ПБА мен уыттар бар ыдыстар СанЕмН 116, 117, 118, 119 -тармақтарына сәйкес ресімделуге және сақталуға тиіс.

35. Бактерияларды, риккетсияларды, вирустарды, грибоктарды, қарапайымдыларды жұқтырған жануарлар жабылатын үй-жайларда жеке (шыны банкілерде, торларда) ұсталуға тиіс.

36. I-IV тобының тірі өсінділері бар тоңазытқыштар, шкафтар мен термостаттар жабылуға, ал жұмыс күнінің аяғында пломбылануға немесе

мөрленуге тиіс. Кілттер, пломбылаушылар мен мөрлер зертхана меңгерушісінде сақталуға тиіс. Жұмыс жүргізілетін және I-II топ тірі өсінділері сақталатын зертханаларда кіреберіс есіктер құлыппен жабылып, пломбыланып немесе мөрленуге тиіс, кілттер қол қоюмен мекеме бойынша кезекшіге тапсырылады.

37. Тірі өсінділерді қайта себу кезінде СанЕмН ережесі сақталуға тиіс.

38. I-IV топ штамдарын мекеменің ішінде босату (беру) СанЕмН 120 - тармағына сәйкес жүргізіледі.

39. Қоздырғыштарды беру СанЕмН 121 -тармағына сәйкес және ерекшелендірілген коллекция журналында жазумен ресімделуге тиіс.

40. I-II қоздырғыштарды және III-IV топ коллекциялық штамдарын сақтау үшін жауапты қызметкер уақытша болмаған (демалыс, іссапар, науқастану) жағдайда, ұйым (бөлімше) басшысының рұқсатымен акті бойынша қайта себу құқығымен немесе құқығысыз тірі өсінділер берілетін адам болып табылады және журналда (осы санитарлық ережеге 5-қосымшаға) тіркеледі.

41. Ел ішінде ПБА-ны ұйымнан тыс беру және тасымалдау СанЕмН 9-тарауы 122 - 131 -тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

42. Шетелге ПБА-ны беру (алу) және тасымалдау СанЕмН 9-тарауы 132 - 137 -тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

#### **4. Бақылауды ұйымдастыру**

43. Өндірістік бақылауды жүргізу үшін ұйымдардың басшылары тұрақты немесе уақытша негізде I-II топ ПБА-сымен жұмыс істеу тәжірибесі бар ұйым мамандарынан тұратын режимдік комиссиялар құруға тиіс.

44. I-IV топ ПБА-ларымен жұмысты орындаушы ұйымдарда осы санитарлық ереженің сақталуын тұрақты өндірістік бақылауды жылына кемінде бір рет, қажетіне қарай - эпидемиологиялық айғақтар бойынша, олардың орындалуын міндетті түрде тексере отырып, режимдік комиссия жүзеге асырады.

"I-IV патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитарлық-  
эпидемиологиялық ережесі

мен нормаларына 1-қосымша

#### **Патогенді топтар бойынша адам үшін патогенді микроорганизмдердің жіктелмесі**

Р / с N	Микроорганизмдердің атауы	Аталған туындайтын ауру
	Бактериялар	микроорганизмдерден

	I топ	
1.	<i>Yersinia pestis</i>	Оба
	II топ	
1.	<i>Bacillus anthracis</i>	Күйдіргі
2.	<i>Brucella abortus</i> <i>Brucella melitensis</i> <i>Brucella suis</i>	Бруцеллез
3.	<i>Francisella tularensis</i>	Туляремия
4.	<i>Legionella pneumophila</i>	Легионеллез
5.	<i>Pseudomonas mallei</i>	Сап
6.	<i>Pseudomonas pseudomallei</i>	Мелиоидоз
7.	<i>Vibrio cholerae</i> 01 токсигенді <i>Vibrio cholerae</i> non 01 токсигенді	Тырысқақ
	III топ	
1.	<i>Bordetella pertussis</i>	Көкжөтел
2.	<i>Borrelia recurrentia</i>	Соқпа сүзек
3.	<i>Campylobacter fetus</i>	Абсцесс, септицемия
4.	<i>Campylobacter jejuni</i>	Энтерит, холецистит, септицемия
5.	<i>Clostridium botulinum</i>	Ботулизм
6.	<i>Clostridium tetani</i>	Сіреспе
7.	<i>Corynebacterium diphtheriae</i>	Дифтерия
8.	<i>Eryipelothrix rhusiopathiae</i>	Эризипеллоид
9.	<i>Helicobacter pylori</i>	Гастрит, асқазан және ұлтабардың ойық жара ауруы
10.	<i>Leptospira interrogans</i>	Лептоспироз
11.	<i>Listeria monocytogenes</i>	Листерия
12.	<i>Mycobacterium leprae</i>	Алапес
13.	<i>Mycobacterium tuberculosis</i> <i>Mycobacterium bovis</i> <i>Mycobacterium avium</i>	Туберкулез
14.	<i>Neisseria gonorrhoeae</i>	Гонорея
15.	<i>Neisseria meningitidis</i>	Менингит
16.	<i>Nocardia asteroides</i>	Нокардиоз
17.	<i>Pasteurella multocida, haemolytica</i>	Пастереллез
18.	<i>Protothymus israelii</i>	Актиномикоз
19.	<i>Salmonella paratyphi A</i>	А қылауы
20.	<i>Salmonella paratyphi B</i>	В қылауы
21.	<i>Salmonella typhi</i>	Іш сүзегі
22.	<i>Shigella spp.</i>	Дизентерия
23.	<i>Treponema pallidum</i>	Сифилис
24.	<i>Yersinia pseudotuberculosis</i>	Жалған туберкулез



25.	<i>Vibrio cholerae</i> 01 не токсигенный	Диарея
26.	<i>Vibrio cholerae</i> non 01 не токсигенный	Диарея, жарақат жұқпалары, септицемия және басқалары
	IV топ	
1.	<i>Aerobacter aerogenes</i>	Энтерит
2.	<i>Bacillus cereus</i>	Тамақ уытты жұқпалары
3.	<i>Bacteroides</i> spp	Өкпенің абсцесі, бактериемия
4.	<i>Borrelia</i> spp.	Кене спирохетозы
5.	<i>Bordetella bronchiseptica</i> <i>Bordetella parapertussis</i>	Б р о н х о с е п т и к о з д а р Көкжөтел тәрізді аурулар
6.	<i>Campylobacter</i> spp	Гастроэнтерит, гингивит, периодонтит
7.	<i>Citrobacter</i> spp	Жергілікті қабынуы процестері, тамақ уытты жұқпалары
8.	<i>Clostridium perfringens</i> , <i>Clostridium novyi</i> , <i>Clostridium septicum</i> , <i>Clostridium histolyticum</i> , <i>Clostridium bifermentans</i> .	Газды гангрена
9.	<i>Escherichia coli</i>	Энтерит
10.	<i>Eubacterium endocarditidis</i>	Сепсистік эндокардит
11.	<i>Eubacterium lentum</i> <i>Eubacterium ventricosum</i>	Қайталама сепсис, абсцестер
12.	<i>Flavobacterium meningo-septicum</i>	Менингит, септицемия
13.	<i>Haemophilus influenza</i>	Менингит, пневмония, ларингит
14.	<i>Hafnia alvei</i>	Холецистит, цистит
15.	<i>Klebsiella ozaenae</i>	Озена
16.	<i>Klebsiella pneumoniae</i>	Пневмония
17.	<i>Klebsiella phinoscleromatis</i>	риносклерома
18.	<i>Mycobacterium</i> spp. <i>Mycobacterium photochromogens</i> <i>Mycobacterium scrotochromogens</i> <i>Mycobacterium nonphotochromogens</i> <i>Mycobacterium rapid growers</i>	Микобактериоздар
19.	<i>Micoplasma hominis</i> 1 <i>Micoplasma hominis</i> 2 <i>Micoplasma pneumoniae</i>	Жергілікті қабынуы процестері, пневмония
20.	<i>Propionibacterium avidum</i>	Сепсис, абсцестер
21.	<i>Proteus</i> spp.	Тамақ уытты жұқпасы, сепсис, жергілікті қабыну процестері
22.	<i>Pseudomonas aeruginosa</i>	Сепсис, жергілікті қабыну процестері
23.	<i>Salmonella</i> spp.	Сальмонеллез
24.	<i>Serratia marcescens</i>	Сепсис, жергілікті қабынуы процестері
25.	<i>Staphylococcus</i> spp.	Тамақ уытты жұқпалары, септицемия, пневмония
26.	<i>Streptococcus</i> spp	Пневмония, тонзиллит, полиартрит, септицемия
27.	<i>Vibrio</i> spp., <i>Vibrio parahaemolyticus</i> , <i>Vibrio mimicus</i> , <i>Vibrio fluviales</i> ,	

	<i>Vibrio vulnificus</i> , <i>Vibrio alginolyticus</i>	Диарей, тамақ уытты жұқпалары, жара жұқпасы, септицемия және басқалар
28.	<i>Yersinia enterocolitica</i>	Энтерит, колит
29.	<i>Actinomyces albus</i>	Актиномикоз
Риккетсиялар		
II топ		
1.	<i>Rickettsia prowazekii</i>	Эпидемиялық бөртпе сүзек, Брилл ауруы
2.	<i>Rickettsia typhi</i>	Егеуқұйрық бөртпе сүзек
3.	<i>Rickettsia rickettsii</i>	Тасты таулардың көгала безгегі
4.	<i>Rickettsia tsutsugamushi</i>	Цуцугамуши безгегі
5.	<i>Coxiella burnetii</i>	Коксиеллез (Ку безгегі)
III топ		
1.	<i>Rickettsia sibirica</i>	Солтүстік Азия кене бөртпе сүзегі
2.	<i>Rickettsia conorii</i>	Жерорта теңізі ала қызбасы
3.	<i>Rickettsia sharoni</i>	Израиль қызбасы
4.	<i>Rickettsia sp. Now?</i>	Астрахань қызбасы
5.	<i>Rickettsia acari</i>	Везикулезді риккетсиоз
6.	<i>Rickettsia australis</i>	Солтүстік Квинсленд кене бөртпе сүзегі
7.	<i>Rickettsia japonica</i>	Жапон ала қызбасы
8.	<i>Rickettsia sp. Now</i>	Африка қызбасы
9.	<i>Rickettsia sp. now?</i> штамм "ТТТ"	Тайланд кене риккетсиозы
Эрлихия (Rickettsiaceae тұқымдас ішіндегі Ehrlichiae тобы)		
III топ		
1.	<i>Ehrlichia sennetsu</i>	Сеннетсу ауруы
2.	<i>Ehrlichia canis</i>	Аурудың аты жоқ
3.	<i>Ehrlichia chaffeensis</i>	Аурудың аты жоқ
Грибоктар		
II топ		
1.	<i>Blastomyces brasiliensis</i> , <i>dermatitidis</i>	Бластомикоз
2.	<i>Coccidioides immitis</i>	Кокцидиоидоз
3.	<i>Histoplasma capsulatum</i>	Гистоплазмоз
III топ		
1.	<i>Aspergillus flavus</i> <i>Aspergillus fumigatus</i>	Аспергиллез
2.	<i>Candida albicans</i>	Кандидоз
3.	<i>Cryptococcus neoformans</i>	Криптококкоз
IV топ		
1.	<i>Absidia corymbifera</i>	Мукокороз
2.	<i>Aspergillus niger</i> , <i>nidulans</i>	Аспергиллез
3.		Кандидоз

	<i>Candida brumptii</i> , <i>Candida crusei</i> , <i>Candida intermedia</i> , <i>Candida pseudotropicalis</i> , <i>Candida tropicalis</i> , <i>Candida guilliermondii</i>	
4.	<i>Cephalosporium acremonium</i> , <i>cinnabarium</i>	Цефалоспориоз
5.	<i>Epidermophyton floccosum</i>	Эпидермофитии
6.	<i>Geotrichum candidum</i>	Геотрихоз
7.	<i>Microsporium</i> spp.	Микроспория
8.	<i>Mucor mucedo</i>	Мукороз
9.	<i>Penicillium crustosum</i> , <i>luteo-viride</i> , <i>notatum</i>	Пенициллез
10.	<i>Pityrosporum orbiculare</i>	Түрлі түсті теміреткі
11.	<i>Rhizopus nigricans</i>	Мукороз
12.	<i>Trichophyton</i> spp.	Қабатты мукоз
13.	<i>Trichosporon cerebriforme</i>	Түйінді трихоспория
Қарапайымдылар		
III топ		
1.	<i>Leishmania donovani</i>	Висцериялы лейшманиоз
2.	<i>Plasmodium vivax</i> , <i>falciparum</i> , <i>malariae</i>	Безгек
3.	<i>Trichomoas vaginalis</i>	Несеп-жыныс трихомониозы
IV топ		
1.	<i>Acanthamoeba culbertsoni</i> , spp	Менингоэнцефалит
2.	<i>Babesia caucasica</i>	Бабезиоз
3.	<i>Balantidium coli</i>	Балантидиоз
4.	<i>Entamoeba histolytica</i>	Амебиоз
5.	<i>Iso spora belli</i> <i>Lambliа intestinalis</i>	Энтерит
6.	<i>Naegleria</i> spp.	Менингоэнцефалит
7.	<i>Pent</i> , <i>atrichomonas hominis</i>	Колит
8.	<i>Leishmania major</i> , <i>tropica</i>	Тері лейшманиозы
9.	<i>Toxoplasma gondii</i>	Токсоплазмоз
Вирустар		
I топ		
1.	<i>Filoviridae</i> : Марбург және Эбола вирустары	Геморрагиялық қызба
2.	<i>Arnaviridae</i> : Ласса, Хунин және Мачупо вирустары	Геморрагиялық қызба
3.	<i>Roviridae</i> : Шешек вирусы	Адамның табиғи шешегі
4.	<i>Herpesviridae</i> маймылдың В вирусы	Созылмалы энцефалиттер, энцефалопатиялар
II топ		
1.	<i>Togaviridae</i> Жылқы энцефаломиелиитінің вирусы (Венесуэла ВЖЭВ, шығыс ШЖЭ, батыс БЖЭ); Семлики, Чикунгунья,	

	О, Ньонг-Ньонг, Карельдік, Синдбис, Росс, Майяро, Мукамбо өзендеріндегі қызба вирустары	Маса энцефалиттері энцефаломиелиттері, энцефаломенингиттері
2.	Flaviviridae: Кене энцефалиті вирустарының жиынтығы Кене энцефалиті (КЭ), Алма-Арасан, Апон, Лангат, Негиши, Повассан, Шотландтық қой энцефаломиелиті, Киассанур орманының ауруы, Омбы көгала безгегі (ОКБ) Жапон энцефалиті вирусының жиынтығы (ЖЭ), Батыс Ниль, Ильеус, Росио, Сент-Луис, Усуту энцефалиттері, Муррея Карши, Кунжин, Сепик, Вессельсборн алқабындағы энцефалиттер Сары қызба вирусы С гепатитінің вирусы	энцефалиттері энцефаломиелиттері Геморрагиялық қызба Қызба аурулары Қызба аурулары Қызба аурулары Парентеральды гепатит, бауырдың гепатоцелюлярлы карциномасы
3.	Bunyaviridae, Bunyavirus тұқымдастығы: Калифорниялық, Ла-Кросс, Джеймстаун-каньонының, Зай-цев-Беляков, Инко, Тягиня энцефалиттерінің жиынтығы, Апеу, Мадрид, Орибона, Осса, Рестан ж.б. С-вирусының жиынтығы Phlebovirus түріндегі: Сицилия, Неаполь, Рифт-валли, Тосканда ж.б. шыбын-шіркейлерден болатын безгек вирустері Nairovirus түріндегі: Қырым көгала безгегінің Конго вирусы; Найроби, Ганджам қойларының аурулары; Дугбе Hantavirus түріндегі: Хантаан, Сеул вирустері Пуумала ж.б.	Энцефалит, энцефаломиелит, менингоэнцефалит, менингитті белгісі мен артриті бар қызба аурулары Қызба аурулары Миозиттер және артриттер Артриті және миозиті бар энцефалиттер мен қызба аурулары Геморрагиялық қызба Менингит белгісі бар қызба Энцефалит Бүйрек ауруы белгісі бар геморрагиялық қызба (БСКБ)
4.	Reoviridae, Orbivirus түріндегі: Кемерово, Колорадтық кене безгегінің, Көктілді қойлардың, Чангвинола, Орунго ж.б. вирустері	Менингит белгісі және артриті бар қызба
5.	5. Rhabdoviridae, Lyssavirus түріндегі: көше құтырмасының, жабайы, Лагос-бат вирусы	Құтырма Жалған құтырма және энцефалопатия
6.	Picomaviridae, Arhto virus түріндегі: Аусыл вирусы	Аусыл
7.	Аrenaviridae: Лимфоцитарлық хориоме-нингит, Токарибе, Пичинде вирустары	Астенинді менингиттер және менингоэнцефалиттер
8.	Нерадnaviridae: В және Д (Дельта) гепатиттерінің вирустары	Парентералды гепатиттер
9.	Retroviridae: адам иммунитетінің жетіспеушілігін тудыратын вирус (АИЖТВ-1,	



6.	Респираторлық-синцитиалдық вирус (РС-вирусы) эпидемиялық паротиттің вирусы қызылшаның вирусы Ньюкасл ауруының вирусы	Пневмониялар, бронхиттер, бронхиолиттер Эпидемиялық паротит Қызылша Конъюнктивит
7.	Togaviridae Rubivirus түріндегі: қызылша вирусы	Қызамық
8.	Rabdoviridae, Vesiculovirus түріндегі: везикулярлы стоматит вирусы	Везикулярлы стоматит
9.	Roxviridae: сиыр шешегінің вирусы, экстремелия вирусы сауыншылар түйіндерінің вирусы орфвирус контагиозды моллюска Тана және Яба вирустары	Сиыр шешегі Тышқандардың экстремелиясы Сауыншы қолдарының созылмалы ауруы Жұқпалы күлдіректі терінің қабынуы Тері мен шырышты қабаттың жұқпалы моллюскасы Яба ауруы
	Хламидийлер	
	II топ	
1.	Chlamydia psittaci	Орнитоз-пситтакоз
	III топ	
1.	Chlamydia trachomatis	Трахома, несепгенитальды хламидиоз
2.	Chlamydia paratrachomatis	Трахомоподобный конъюнктивит
3.	Chlamydia venereal lymphagranulema	Жыныс лимфаларының ұлғаюы, шат лимфа бездерінің зақымдануы
	Биологиялық улар	
	II топ	
1.	Барлық түрдегі ботулин уыттары	Ботулизм
2.	Сіреспе уыты	
3.	Қаракұрт өрмекшісінің уы	
	III топ	
1.	Микоуыттар	Микотоксикоздар
2.	Күл уыттары	
3.	А тобындағы стрептококктар уыттары	
4.	Стафилококктар уыттары	

5. Жыландардың уы (кобра, эфа, гюрза және басқалар)

### Патогенді топтар бойынша жануарлар үшін патогенді микроорганизмдердің жіктемесі

N	Қоздырғыштың түрі	Қай аурудың қоздырғышы
1	2	3
	Бактериялар	
	I патогенді топ	
1.	<i>Yersinia pestis</i>	түйелер обасының
II патогенді топ		
1.	<i>Bacillus anthracis</i>	күйдіргінің
2.	<i>Brucella abortus</i> <i>Brucella melitensis</i> <i>Brucella suis</i> <i>Brucella canis</i>	бруцеллездің
3.	<i>Francisella tularensis</i>	туляремияның
4.	<i>Pseudomonas mallei</i>	саптың
5.	<i>Pseudomonas pseudomallei</i>	melioidоздың
III патогенді топ		
1.	<i>Mycobacterium tuberculosis</i>	туберкулездің
	<i>Mycobacterium bovis</i>	
	<i>Mycobacterium avium</i>	
	<i>Listeria monocytogenes</i>	листериоздың
2.	<i>Salmonella dublin</i>	сальмонеллездің
	<i>Salmonella cholerae suis</i>	
	<i>Salmonella abortus ovis</i>	
	<i>Salmonella abortus egvi</i>	
	<i>Salmonella typhimurium</i>	
	<i>Salmonella pullorum gallinarum</i>	
3. 4.	<i>Clostridium perfringens</i>	Қойдың брадзоты мен жұқпалы энтеротоксемиясының, ірі қара мал эмфизематоздық карбункулдың
	<i>Clostridium hovyi</i>	
	<i>Clostridium oedematiens</i>	
	<i>Clostridium septicum</i>	
	<i>Clostridium histolyticum</i>	
5.	<i>Fusobacterium necrophorum</i>	некробактериоздың
6.	<i>Erysipelothrix insidiosa</i>	шошқа тілмелері
7. 8.	<i>Leptospira Pomona</i>	лептоспироздың
	<i>Leptospira Trassovi</i>	
	<i>Leptospira Hebdomadis</i>	
	<i>Leptospira Grippopyphosa</i>	

	<i>Leptospira Icterohaemorrhagiae</i>	
	<i>Leptospira Canicola</i>	
9.	<i>Mycobacterium paratuberculosis</i>	паратуберкулездің
10.	<i>Clostridium tetani</i>	сіреспенің
11.	<i>Clostridium botulinum</i>	ботулизмнің
12.	<i>Yersinia pseudotuberculosis</i>	жалған туберкулездің
13.	<i>Pasteurella multocida</i>	пастереллездің
14.	<i>Campylobacter fetus</i>	кампилобактериоздың
15.	<i>Brucella ovis</i>	қойлардың жұқпалы эпидидимитінің
16.	<i>Borrelia hyodysenteria</i>	шошқа дизентериясының
	IV патогенді топ	
1.	<i>Staphylococcus</i>	стафилококкдың
2.	<i>Streptococcus egvi</i>	жылқының сақау ауруының
3.	<i>Escherichia coli</i>	колибактериоздың
4.	<i>Haemophilus</i>	шошқаның гемофилездік ауруының
5.	<i>Diplococcus lanceolatus</i>	қозылардың диплококкының
6.	<i>Mycoplasma agalactiae</i>	қойлардың жұқпалы ағалактиясының
7.	<i>Mycoplasma gallisepticum</i>	респираторлық микоплазмоздың
8.	<i>Mycoplasma hyopneumoniae</i>	энзоотиялық пневмонияның
9.	<i>Bacillus Larvae</i>	аралардың Америкалық іріндерінің
10.	<i>Peptostreptococcus pluton</i>	аралардың Еуропалық ірінді ауруларының
	Риккетсиялар	
	II патогенді топ	
1.	<i>Cowdria burneti</i>	Ку қызбасы
2.	<i>Cowdria ruminantium</i>	гидроперикардиттің
	Грибоктар	
	II патогенді топ	
1.	<i>Histoplasma farciminosum</i>	эпизоотиялық лимфангиттің
2.	<i>Candida albicans</i>	кандидамикоздың
3.	<i>Blastomyces dermatitides</i>	бластамикоздың
	III патогенді топ	
1.	<i>Aspergillus fumigatus</i>	аспергиллездің
2.	<i>Actinomyces bovis</i>	актиномикоздың
3.	<i>Trichophyton faviforme</i> <i>Trichophyton gypseum</i> <i>Trichophyton egvuinum</i>	трихофитияның
4.	<i>Microsporum egvuinum</i> <i>Microsporum gypseum</i> <i>Microsporum lanosum</i> <i>Microsporum nfnun</i>	микроскопияның



IV патогенді топ		
1.	Botryomyces ascoformans	ботриомикоздың
2.	Stachybotrus altemans	стахиботриотоксикоздың
Вирустар		
I патогенді топ		
1.	Picornaviridae Aphthovirus teri	аусылдың
2.	Paramyxoviridae Paramyxovirus teri	ірі қара мал обасының
3.	Togaviridae Pestivirus teri	шошқаның классикалық обасының
4.	Iridoviridae	шошқаның африкалық обасының
5.	Poxviridae Capripoxvirus teri	қойлар мен ешкілер шешегінің
6.	Paramyxoviridae Paramyxovirus	ньокаслск ауруларының
7.	Reoviridae Orbivirus teri	қойлардың катаральдық қызбасының
8.	Orthomyxoviridae Influenzavirus teri	құстар тұмауының
9.	Rhabdoviridae vesiculovirus teri	везикулярлық стоматиттің
II патогенді топ		
1.	Paramyxoviridae Буынаяқтылар обасының вирусы	буынаяқтылар обасының
2.	Rhabdoviridae Lyssavirus teri	құтырманың
3.	Retroviridae	жылқының жұқпалы анемиясының
4.	Togaviridae Alphavirus teri	жылқының жұқпалы энцефаломиеелитінің
5.	Orthomyxoviridae Influenzavirus teri	жылқы тұмауының
6.	Herpesviridae Жылқының ринопневмониясының вирусы	жылқының ринопневмониясының
7.	Herpesviridae	Ауески ауруының
8.	Coronaviridae Coronavirus teri	құстардың жұқпалы бронхитінің
9.	Coronaviridae	шошқаның трансмиссиялық гастроэнтериттің
10.	Birnaviridae	Гамбора ауруының (жұқпалы бурситтің)
11.	Herpesviridae	Марек ауруының
12.	Herpesviridae	құстардың жұқпалы ларинготрахеитінің
13.	Herpesviridae	үйректер гепатитінің
14.	Paramyxoviridae Paramyxovirus teri	ірі қара мал парагриппінің

15.	R o x v i r i d a e Pararoxvirus tегі	қойлардың контагиоздық эктимінің
16.	R o x v i r i d a e Leporipoxvirus tегі	қояндардың миксоматозының
17.	R e t r o v i r i d a e Oncoviridae	ірі қара мал лейкозының
	Хламидийлер	
	II патогенді топ	
1.	Chlamydia psittaci	орнитоздардың
	III патогенді топ	
1	Chlamydia psittaci var ovis	қойлардың хламидиоздық түсік тастауының

### Е с к е р т у :

1. I-II топтағы қоздырғыштардың уыттылық күші әлсіреген штамдары III патогендік тобының микроорганизмдеріне жатады. III-I топты уыттылық күші әлсіреген штамдар I патогендік тобының микроорганизмдеріне жатады.

2. Жұқтырушыларды: адамды, жылықанды жануарды, тасымалдаушыларды, қоршаған орта объектілерін сыртқы ортаны I-IV топтардағы микроорганизмдерден туындайтын адамдар мен жануарлар ауруларының көздері ретінде есептеу керек.

" I - I V патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар " санитарлық -  
эпидемиологиялық ережесі  
мен нормаларына 2-қосымша

### **Ұйымдарда биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссия туралы ереже**

1. Ұйымдарда биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - режимдік комиссия) диагностикалық, ғылыми және өндірістік зертханаларда биологиялық материалмен жұмыс жүргізудің тәртібін бақылайтын атқарушы-консультативтік орган болып табылады.

2. Биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссияның жұмысын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Орталық режимдік комиссиясы басқарады.

3. Комиссия олардың базасында I-III патогенді топтың биологиялық материалмен кез келген жұмыс (диагностикалық зерттеу, өндірістік) түрлерін

жүргізетін мекемелерде (кәсіпорындарда) құрылады.

4. Құрамында биологиялық материалмен жұмыс қауіпсіздігі мәселелерінде құзыретті кемінде 3-5 адам бар комиссияны мекеменің басшысы 50 жыл мерзімге тағайындайды.

5. Комиссия төрағасы етіп мекеме басшысының эпидемиологиялық мәселелер (ғылым) жөніндегі орынбасарын немесе тиісті білімі мен жұмыс тәжірибесі бар маманды тағайындайды.

6. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2692 тіркелген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 63 бұйрығымен бекітілген "Микробиология, вирусология және паразитология зертханаларының орналасуына және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарды және мекеме басшының нұсқауларын басшылыққа алады.

7. Комиссия әдістемелік мәселелер бойынша мекеме басшысына және оның ғылыми жұмыс жөніндегі, биологиялық материалмен жұмыс істеу қауіпсіздігінің жай-күйі үшін жауапты орынбасарына бағынады.

8. Обаға қарсы күрес станцияларының режимдік комиссиясы - М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Орталық режимдік комиссияларына бағынады.

9. Басқа ұйымдардың режимдік комиссияларын - Орталық режимдік комиссия бақылайды.

10. Диагностикалық, зерттеу және өндірістік жұмыстар жүргізу кезінде биологиялық материалмен жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында комиссия мынадай міндеттерді шешеді:

1) мекемеде биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің регламенттелген тәртібінің сақталуын тұрақты бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

2) авариялық ахуалдың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;

3) персоналдың жұқпалы материалмен жұмыс істеуге дайындығын бақылау және денсаулық жағдайын қадағалауды ұйымдастыру;

4) тиісті нормативтік құжаттар талаптарының, сондай-ақ мекеме басшысы өкімдерінің (бұйрықтарының) және мекеме комиссиясы ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) биологиялық қауіпсіздік жай-күйін талдауды жүргізу және оларды жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлейді;

б) биологиялық қауіпсіздік жөніндегі мәселелері жөніндегі есептік және басқа да құжаттаманы дайындайды.

11. Оған жүктелген міндеттерге сәйкес комиссия мынадай іс-шаралар кешенін жүргізеді:

1) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің регламенттелген тәртібінің орындалуын жыл сайын жоспарлы және жоспардан тыс мерзімдік бақылауды жүзеге асырады;

2) персоналды уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүзеге асырады, иммундық профилактиканың регламенттелген тәртібін бақылайды, антибиотиктерге аса сезімтал және вакциналауға қарсы айғақтары бар адамдарды есепке алуды жүргізеді;

3) биологиялық материалмен жұмыс істеу кезінде авария жағдайында мекеменің басшысына оның салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлейді және ұсынады;

4) белгіленген қауіпсіздік ережелерінің, оның алғы шарттарының, бұзылуын, авариялар себептерін талдауды жүргізеді және мекеме басшысына биологиялық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын ұсынады;

5) биологиялық қауіпті материалмен жұмыс істеуге рұқсат алу (ұзарту) үшін қажетті құжаттаманы ресімдейді;

б) биологиялық қауіпті материалмен жұмыс істейтін персоналдың биологиялық қауіпсіздігін сақтау мәселелері жөніндегі білімді тексеруді жүргізеді;

7) қызметкерлердің белгіленген бару тәртібін бақылайды;

8) комиссияның жұмыс туралы есебін дайындайды және оны қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мекемеге ұсынады;

9) мекеме басшысы бекіткен жұмыс жоспарын және қажеттігі оның міндеттерімен және функцияларымен анықталатын өзге де құжаттарды жасайды.

12. Өз міндеттерін тиімді іске асыру мақсатында комиссия:

1) бөлімшелердің басшылары мен жекелеген адамдардың биологиялық қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде орындауын үйлестіреді;

2) мекеме басшының алдында болған бұзушылықты жою туралы өтініш жасайды;

3) өзіндік немесе басқа да білікті мамандарды тарта отырып, мекемеде биологиялық қауіпсіздік ережелерінің сақталуын жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүргізеді;

4) биологиялық қауіпсіздік ережелерінің орындалуы мүмкін болмаған жағдайда немесе оларды бұзған жағдайда биологиялық қауіпті материалмен жұмысты тоқтата тұру туралы мекеме басшысына өтініш жасайды;

5) биологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейтін жаңа зертханалық әдістемелерді, жабдықтардың түрін, дезинфектанттар мен т.с.с. пайдалануды немесе тыйым салуды тоқтату туралы рұқсат берген мекеменің алдында дәлелденген өтініш жасайды;

б) комиссия отырыстарында бөлімше басшыларын, мекеме қызметкерлерін тыңдайды.

"I-IV патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитарлық-  
эпидемиологиялық ережесі

мен нормаларына 3-қосымша

### Жұмыс коллекциясындағы ПБА-ны есепке алу журналы

Бастапқы есепке алу құжаттамасы

Мекеменің атауы \_\_\_\_\_

Бөлімнің, бөлімшенің атауы \_\_\_\_\_

Зертхананың атауы \_\_\_\_\_

Уақытша құрылымның атауы \_\_\_\_\_

Сақтау мерзімі 3 жыл \_\_\_\_\_ -ға дейін

басталды \_\_\_\_\_

аяқталды \_\_\_\_\_

Штамның N	Микроорганизмнің атауы	Зерттеу мақсаты	Штамм қайдан алынды	Алынған күні, айы, жылы	Жою туралы белгі	Қолы
1	2	3	4	5	6	7

Ескерту: Баспахана үшін құжат А4 форматында 96 бетте дайындалады.

"I-IV патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитарлық-  
эпидемиологиялық ережесі

мен нормаларына 4-қосымша

### I-IV топтағы патогенді биологиялық агенттерді уақытша сақтауға тіркеу журналы

Бастапқы есепке алу құжаттамасы

Мекеменің атауы \_\_\_\_\_

Бөлімнің, бөлімшенің атауы \_\_\_\_\_

Зертхананың атауы \_\_\_\_\_

Уақытша құрылымның атауы \_\_\_\_\_

Сақтау мерзімі 3 жыл \_\_\_\_\_ -ға дейін

басталды \_\_\_\_\_

аяқталды \_\_\_\_\_

Күні	Штам-ның түрі және N	Объек-тінің атауы	Штамды тапсы-рушының Т.А.Ә.	Мөр та-баны және N	Штам-ды тап-сыру-шының қолы	Штам-ды қа-был-дау-шы-ның Т.А.Ә және қолы	Штам-ды беру күні	Штам-ды беру-шінің қолы	Штам-ды қа-был-дау-шының қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

"I-IV патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитарлық-  
эпидемиологиялық ережесі

мен нормаларына 5-қосымша

### Депонирлендірілген ПБА штамптарын тіркеу журналы

Бастапқы \_\_\_\_\_ есепке \_\_\_\_\_ алу \_\_\_\_\_ құжаттамасы \_\_\_\_\_

Мекеменің атауы \_\_\_\_\_

Бөлімнің, бөлімшенің атауы \_\_\_\_\_

Зертхананың атауы \_\_\_\_\_

Уақытша құрылымның атауы \_\_\_\_\_

Сақтау мерзімі 3 жыл \_\_\_\_\_ -ға дейін

басталды \_\_\_\_\_

аяқталды \_\_\_\_\_

P/c N	өті-ніш-тің келіп түс-кен күні	Автор-дың Т.А.Ә.	Депо-нир-лен-діру-ге кім рұқ-сат берді	Штам-ның түрлік атауы	Штам-ның N	Объек-тілер-дің саны	Штам-ның ерек-ше-лік-тері	Штам-ды қа-был-дап алды	N бе-рілді
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10



		жыл	тоқсан	мекен-жайы	саны				жыл	тоқсан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

"I-IV патогенді топтар  
микроорганизмдерімен жұмыс  
істеу жағдайына қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитарлық-  
эпидемиологиялық ережесі  
мен нормаларына 8-қосымша

( ұ й ы м н ы ң )

микроорганизмдер коллекциясында ПБА-ның  
болуы туралы мәліметтер

P/c N	Қоздырғыштың атауы	Бөліну күні	Мекен-жайы	Бөліну көзі	Штамдар тағдыры					
					Берілді	Мекен-жайы	Жойылды	Күні	Сақталды	Объектілердің саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11